

Сейфуллин оқулары – 18: « Жастар және ғылым – болашаққа көзқарас» халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары = Материалы международной научно-практической конференции «Сейфуллинские чтения – 18: « Молодежь и наука – взгляд в будущее» - 2022.- Т.II, Ч.II. Б.29-31

ҚОҒАМНЫҢ ДАМУЫНА ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ТИГІЗЕТІН ӘСЕРІ

Боранбекова Г. Р., 1 курс студенті

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан қ.

XXI ғасыр ақпараттық технологиялар ғасыры емес пе?! Уақыт сияқты тез даму біз үшін қиын емес нәрсеге айналуға. Заманның өзгеруімен қатар, технология мен адамдардың сыни ойлау қабілеттері де өзгеруде. Күннен-күнге заман талабына сай технологиялар өте қарқынды түрде өзгеріп дамып келе жатыр. Күні бүгінге дейін сонау XX ғасырда осындай дамыған технологияларға жетеміз деп ойламағанбыз да. Қазіргідей инновациялы деңгейге жетудің өзі қаншама жылдардағы еңбек пен күшті талап етеді. Осынау заманда барлығы да технологиялармен тығыз байланысқа нақты ие болды. Өміріміздің әр уақыты, тіпті, әр секундының өзі техникасыз өтпейді. Яғни, гаджеттер мен интернет жүйесі біз үшін өзіміздің бір бөлшегіне айналды. Айтып кетсек, көптеген салада ақпараттық технологиялар елеулі орын алып тұр. Оларға: медицина, білім, ауыл шаруашылығы, политика, күнделікті жұмыс, күнделікті жол жүру, қарым-қатынас. Дегенменде, барлығында да оңнәтиже көрсетіп жатыр деп айта алмаймыз.

Осы салалардың әрбіріне жеке тоқталсақ. Адам заман талабына қарамай өз уақытында ғұмырын кешеді. Алайда, баяғы кезде медицина дамымаған ғой. Бірақта қазір

– жаңа технологиялық дамыған уақыт. Білікті мамандар, ғылыми докторлар еңбектерінің арқасында қаншама адам ауру-сырқауынан айығып жатыр. Соған орай жасанды интеллектің де пайдасы тиюде. Ақылды, белгілі бір алгоритм арқылы тапсырма орындайтын жасанды интеллекттілі роботтар медицина саласында айтарлықтай білікті рөл атқарып тұр. Жалпы алғанда жасанды интеллект арқылы шығарылып, жұмыс артқарып жатқан технологиялар көп көмектерін тигізуде.

Жасанды интеллект арқылы дамып келе жатқан тағы бір сала – ауыл шаруашылығы. Қазір цифрланған технологиялық уақыт болғандықтан өсімдік шаруашылығы баяғыдай жеткілікті түрде қаралмайды. Яғни, қазір бұрынғыдай адамдардың ғана бақылауында емес. Технология дамығандықтан, ауыл шаруашылықтарында арнайы ақылды көмекші робот-қызметкерлер қажетті жұмыстарды өздері атқарады. Ол дегеніміз бақша өсімдіктердің ауру түрлерін анықтай алады, жайылымда үй

малдарының түрлерін анықтай алу, егіншілікте автопилотты жүретін комбайндардың шығуы. Әрине, бұл жетістіктер әлі де бақылаулардан өтуде. Бірақта ғалымдардың айтуынша, көп ұзамай уақытта бұл ашулар барлық жерде кеңінен қолданылады дейді. Сол себепті, қазіргі ұрпақ смарт машиналарды қашықтықтан басқару, оларды жөндеу жұмыстарын үйренгендері абзал.

Әрине, дамыған елдер қатарында болу білім саласынсыз қайда барсын. Негізі білім беру, оны алу әркімнің өз міндеті, өз шешімі. Көп елде білім саласы айтарлықтай мықты деңгейде қадағаланады. Өз елдерінің азаматтары үшін білім алу жолында барлық мүмкіндіктерді жасайды. Соңғы орын алған ахуалды мәселеге байланысты әлемде білім алу қашықтықтық форматқа көшірілді. Соның нәтижесінде көп елде білім деңгейі төмен дәрежеге жетті. Сол уақытта технология адам өміріндегі маңызы айтарлықтай байқалды. Жалпы алғанда технология, гаджеттер, интернет жүйесі бізге білім алу, үйрену, жұмыс істеуде маңызды көмекші рөл атқарады. Жаңа заманда қазір барлығы интернет жүйесінде жасалады. Білім саласында көмегі оқушы, студенттер қалаған уақытында ғаламтор арқылы қалаған оқуын оқып, керекті мәліметтерді жинастыра алады. Бірақта оның бізгетіетін кері әсерін де естен шығармауымыз керек.

Жалпы техника көп салада көмек береді. Күнделікті өмірде біз техниканы ылғи да пайдаланамыз. Ұйқыдан тұра сала гаджеттерді пайдаланамыз. Бірақта егерде осы гаджеттер болмаған жағдайда күнделікті тұрғыда өмір сүру қиынға соғушы еді ғой. Жалпы техниканың бізге пайдасы мен зияны әрқашанда қатар жүреді. Сонда да, жаңа шығарылып жатқан өнертабыстар көп жағдайда пайдасын беруде. Олардың басты мақсаты – адам өміріне көмек беру, жұмысын жеңілдету. Менің жеке көзқарасым бойынша, болашақта бұл технологиялық сауаттылық одан әрі дамып, әрбір азамат онымен қалай қолданып, оны қалай дамыту керек екенін біледі деп санаймын. Ол үшін білім саласында белгілі түрде күш салуда. Жалпы алғанда әрбір азамат болашақтан көп үміт күтеді. Менің де болашақтан үмітім зор. Сол үшін де қазір болашаққа деген сұранысы зор мамандық иесінің оқуын оқудамын. Негізгі айтқым келетіні болашақ қазіргі жастардың қолында. Болашақ қоғамды қалыптастыру ол бізге - міндет, мақсат. Сондықтан да білімге аса назараударып, болашаққа деген маңызы бар әр саланың жандануына атсалысу керек.

«Шығыс болмай, кіріс жоқ» деген сөз бекер айтылмайды. Әр нәрсенің пайдасы да, зияны да болады. Ақпараттық технологияның жалпы бізге тигізер зияны айтарлықтай бар. Бастысы ол – денсаулыққа әсері. Ол бізге қашықтықтан оқу кезінде байқалды. Адам-дарда көз көруінің нашарлауы, иммунитет әлсіреуі, бір орында отырудың салдарынан омыртқа аурулары пайда болды. Тағы бір айта кету керек мәселе – адамдар арасындағы қарым-қатынастын жойылып бара жатуы. Себебі, көп адамдар көзбе-көз

араласуды емес, телефон арқылы араласуды дұрыс деп санайды. Бұл психологтардың айтуынша адамның психикалық денсаулығына зиянын тигізеді. Бұл әсіресе балалар мен студенттерге қатысты. Балалар жүзбе-жүз қарым-қатынасты білмеуінің әсерінен болашақта үлкен өмірде өзін табу проблемасымен кезігеді дейді. Жалпы технологияның біздің өміріміздің бір бөлшегіне айналуы бізді табиғи қарым-қатынастан алшақтатты.

Заман талабына сай уақыт та, адам да бір жерде тұрмай жылжып отыру керек. Ол дегеніміз жан-жақты тұрғыда өзін дамыту керек. Соңғы он жылдықтың ішінде де әлемде бірнеше жаңалықтар шықты. Олардың көбі күні бүгінге дейін шыққан өнертабыстар. Алайда, осы уақытта оларды басқа қырларынан ойластырып, дамытуда. Тағы бір қызығы VR және AR виртуалды құралын дамушы елдерде әскерде ауруға ұшырағандарды емдеуде қолданады. Тіпті, Қытайда бұл құралды есірткіге тәуелділерді емдеу үшін қолданады екен. Осы VR және AR тек ойын-сауық мақсатында ғана емес, көп елдерде науқастарды емдеуде қолданылады. Және тағы айта кететіні 3D басып шығару аппараты. Бұл негізінен, 1983 жылы шығарылып, одан кейін 2010 жылдан бастап қайта қолданысқа келе бастады. Қазір бұл аппарат көп халық арасында танымалдылыққа ие. Соның арқасында қазіргі жастар сол сияқты технологияларды шығаруға құлшыныстары артады деп ойлаймыз.

Жалпы бәрімізді де ақпараттық технология қоғамға керек па деген сұрақ мазалайды. Әрине, технологиялар адам өмірін айтарлықтай жеңілдетеді. Әсіресе, бүкіл әлемдік COVID-19 аурудан кейін барлық әлем халқы технологиялардың маңызын түсінуде. Күнделікті өмірде бір бөлшегімізге айналған технологияларсыз өмірді елестетудің өзі қорқынышты. Ақпараттық технология бізге пайда әкеледі. Зияны да жоқ деп айту да қате. Бірақта олардың орнына пайдалы дүние жасап келтіруге де болады емеспе. Айтпағым біз өзімізді өзіміз жандандырып, жетілдіре беруіміз керек. Болашақ қазіргі жастардың қолында.

Қолданылған әдебиеттер

- 1 <https://ru.thpanorama.com/articles/tecnologa/cmo-influye-la-tecnologa-en-la-sociedad.html>
- 2 <https://argyn.kz/informatsionnyie-tehnologii-i-ih-vliyanie-na-obshhestvo/>
- 3 <http://admindoc.ru/2134/современные-технологии-и-их-влияние-н/>

Ғылыми жетекші: Сагиндыкова А.